

ӘОЖ 008 (574)

Т. Ғабитов, Т.С. Мантаева\*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: toty2009@mail.ru

### **XIX ғасырдағы қазақ мәдениетіндегі Шоқан Уәлихановтың тұлғалық бейнесі**

Мақалада Ш. Уәлихановтың мәдени-шығармашылығы әртүрлі қырынан қарастырылған. Ш. Уәлиханов қазақ мәдениетінде өзіндік орны бар тұлға. Оның ғылымның әр саласында – тарихта, географияда, этнографияда қосқан үлесі зор. Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар Ш. Уәлихановтың ғылыми мұраларын зерттеу туралы еңбектер әлі де болса жеткіліксіз деп санайды. Шындығында, Ш. Уәлиханов қазақ мәдениетінің феномені ретінде әлі де болса толық зерттелген жоқ. Бірақ бәрінен бұрын бізге Ш. Уәлихановтың шығармашылық бір қыры мәдениеттанулық көзқарастары қызықты. Ол тек қана шығыстану көгіндегі жарқырап шыққан мәдениет феномені емес, сонымен қатар Орта Азия мәдениетін еуропалықтарға алғаш танытып, және бірінші боп әлемге ашқан еді.

**Түйін сөздер:** тұлға, мәдениет, этнография, Орта Азия, білім, өркениет.

T. Gabitov, T. Mantaeva

#### **Portrait of Chokan Valihanov in the XIX century` Kazakh culture**

This article discusses various aspects of cultural creativity of Ualihanov Ch. He is one of the most prominent personalities of the Kazakh culture. He made a contribution to the development of such areas as geography, history, ethnography. However, Kazakh scientists believe that studying the works of his cultural heritage still not sufficient. And also Ch.Ualihanov as a phenomenon of Kazakh culture is not studied fully.

However, in this article, we are studying most his cultural views. He is not only a cultural phenomenon of the Eastern world; also he is person, who introduced the culture of Central Asia to Europe.

In that days people at the court believed that representatives of other nationalities are not able to develop or progress, however, Ch. Ualikhanov said: «We are able to accept European culture completely». Kyrgyz people need to pass as a Russian stage and tatar stage to achieve European civilization. To avoid the need to stop the tatar stage obey only the mullahs and ideas of Islam and instead Tatar schools need to open the Russian school. Chokan believed that the tartars have a negative impact on the development of the Kazakh people, for the development of society need ruler who understands the importance of education.

**Key words:** personality, culture, ethnography, Central Asia, education, civilization.

Т. Ғабитов, Т.С. Мантаева

#### **Портрет Чокана Уалиханова в казахской культуре XIX века**

В статье рассматриваются различные аспекты культурного творчества Ч. Уалиханова. Он является одним из видных личностей казахской культуры. Он внес лепту в развитие таких сфер, как география, история, этнография. Однако казахстанские ученые считают, что труды, изучающие его культурное наследие, до сих пор не достаточны. А также Ч. Уалиханов как феномен казахской культуры полностью не изучен с научной точки зрения.

В статье мы прежде всего изучаем его культурологические взгляды. Он – не только культурный феномен восточного мира, а личность, которая познакомила Европу с культурой Средней Азии.

В те времена люди при дворе считали, что представители других национальностей не способны к развитию или прогрессу, однако, Ч. Уалиханов сказал: «Мы способны принять европейскую культуру полностью». Киргизскому народу необходимо пройти как российский византийский этап, так и татарский этап для достижения европейской цивилизации. Для избежания татарского этапа нужно прекратить подчиняться только идеям муллов и ислама и вместо татарских школ необходимо открыть русские школы. Чокан считал, что татары негативно влияют на развитие казахского народа, для развития общества нужен правитель, который понимает важность образования.

**Ключевые слова:** личность, культура, этнография, Средняя Азия, образование, цивилизация.

Жалпыадамзаттық өркениет кеңістігінде оның шығармашылығын зерттеушілер үшін Ш.Уәлиханов негізгі тұлға болып табылады деп бірауыздан мойындайтын орыс ағартушылары: «Қырғыз хандарының ұрпағы және орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану көгінен күйрықты жұлдыздай ағып өтті, – деп жазады Н.И. Веселовский, – Орыс шығыстанушылары оны бірауыздан ерекше құбылыс деп мойындап, болашақта түркі халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашады деп үміттенген еді...» [1, 69 б.].

Шоқан Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының алдыңғы бөлімінде академик А. Х. Марғұланның дайындауымен Ш. Уәлихановтың өмірі мен ғылыми қызметі туралы нақты жазылған. Мысал ретінде Ш. Уәлихановтың қазақ мәдениетіне қатысты ойларын келтіруге болады. «Ш. Уәлихановтың көптеген шығармаларына қазақ қоғамының бұдан арғы тарихи даму туралы ой алтын арқау болды. Ол жас кезінде-ақ тек орыс халқының көмегі, орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетімен байланыста болу арқылы ғана қазақ халқы экономикалық-саяси және мәдени ілгерілеу жолына түсе алады деген тоқтамға келді... «Прогресс» ұғымының мазмұнын адамдардың материалдық әл-ауқатын жақсарту ретінде айқындай келіп, Ш. Уәлиханов ағартушылықты тек «ақиқат білімді» таратуды көздеді. Мәдениетті терең білімді адам ..., ол сол кездегі қоғамдағы негізгі келеңсіздігін көре білді және туған халқының прогресс жолындағы қиындықтармен күресе білді...» [2, 32 б.].

Әрине, бұл күмән мен критикалық ескертулердің нақты бір негізі бар. Онымен бірақ, Ш. Уәлиханов қазіргі жалпыадамзаттық мәдениетті қалыптастыруда қосқан үлесіне баға жетпестей. Г.Н. Потанин былай деп жазады: «Бұратаналар арасындағы ағартушылық пен білім сатысының жоғарылауы олардың өзіндік үлгідегі мәдениетінің кішігірім гүлденуіне әкеледі... Бұл тайпалардың ақыл-ой және ғылыми қызметі ерекше дами отырып, адамзаттың рухани қазынасына жаңа бір леп әкеледі.» Оның көзқарасы бойынша: «егер осындай Уәлихановтар мен Банзаровтар көбірек болғанда, онда бұратан халықтың ортасы мен орыс қоғамы арасында терең рухани туыстық пайда болар еді. Орыс патриотына және адамына бұратана халықтың тағдыры шын

жүректен толғандыратын адам үшін рухани мүдделердің бірлігіне негізделген осындай ішкі туысқандықтың орнына бұратана халықты орыс қоғамы мен қатынастыратын жалғыз байланыс ортақ әкімшілік тәуелділік сезімі екендігі ғана өкініш тудырады.

Бұл құбылыстар осы халықтардың рөлі осындай шағын үлгімен шектелмейді, кейін олар орыстың ақыл – ой қозғалысына қатысатын бірқатар адамдарды шығара алады. Онда өзіндік бағытты қалыптастырды. Және орыс ғалымы мен орыс әдебиетін соны көзқарастармен байыта түседі деген үмітті ұялатты.» [3, 301 б.].

Ш.Уәлихановтың мәдени-шығармашылығын әр түрлі қырынан қарастыруға болады. Бірақ бұл ізденістің негізі болып, XIX ғасырдағы қазақ мәдениетін әлемге ашылуы болып табылады. Ш. Уәлихановтың шығармашылық талдауы бізді өзінің мәдениеттанулық ізденісінің негізі боп түрік этностарының (қазақтар, ұйғырлар, қырғыздар және т.б.) мәдениетінің идентификациялық мәселелері болып табылатынына бізді сендіреді. Этникалық мәдениетті оқыту ұлттық өзіндік идентификация мәселесінен басталады. Біз кіміз? Қайдан келдік? Қандай құндылықтарымыз бар? Әлемдік мәдениетте біздің мәдениетіміз қандай орында? Бұл сұрақтар әрбір этномәдениеттің сана – сезімін ойландырады. Бұнда ұлттық мәдениеттің императиві мен мақсаты тұрады. Бұл орайда объективтік әлеуметтік-мәдени қиындықтардан басқа, (посттоталитаризм, постколониализм, аномия, т.б.), қазақ мәдениетіне қатысты кейбір мифологемдерді және қате түсініктерді белгілеуді қадағалайды. Мынадай келесі мәдениет типтерін көрсетуге болады.

Шығыс мәдениетінің ерекшелігіндегі және түсіндіруіндегі европацентризмнің үстемшілігі;

Түркі халықтарының мәдениетінің автохондылығын және гомогендігін мойындамайтын иранцентристік теория;

Номадтық мәдениеттің негативті бағасы;

Посттоталитарлық ұлттық санадағы архаикалық және партикулярлық мақсаттар;

Батыстандыруды абсолизациялау, жаңатарлық адасу [4].

Біз Ш. Уәлиханов шығармаларындағы кейбір әлеуметтік-мәдени идеяларын, көзқарастарын қарастырып, және қазіргі қазақстандық мәдениеттануында олардың өркендеуін көреміз. Европацентризм туралы айтылып та, жазылып та келеді. Европацентризмнің дәл осы мәдени-

философиялық критикалары орыс ойшылдарына XIX және XX ғасырларда орыс этномәдениетін идентификациялауға мүмкіндік берді. Қазақ мәдениетіне қатысты европацентризмнің негізгі идеяларын келесі үлгіде көрсетуге болады: патриархалдық-феодалдық, әлемдік өркениетке нақты өлшеммен артта қалған қазақ мәдениеті батыстық құндылықтарды тек қана Ресейдің аккумуляциялық ықпалы арқылы ғана қабылдайды алады. Осы жағдайда европацентризм империялық ойлаумен терең араласады.

Шығыс мәдениетіне қатысты европацентризм XX ғасыр бойына дейін жалғасқанын Батыс мәдениеттанымдық пікірлерінің анализінен көруге болады. Ш. Уәлихановтың заманы әрине басқа болды. Тіпті қазақ халқы Ресейдің кейбір ресми орталарында өз атауынан айырылды. («қырғыздар», «қырғыз-қайсақтар» және т.б.) Ш. Уәлиханов тарихи шындықты батыл түрде қалпына келтіреді. Оның көзқарасы бойынша, қазақтар ежелгі түріктерден шыққанын және Орталық Азияның автохтоны болып табылады. «Қырғыз – қайсақтар тілі жағынан түркі халықтарына жатады, және шығу тегін көп адамдар түркілер деп таниды. Қырғыз халқы ешқашанда салиқалы зерттеу нысаны болған емес, Левшиннің «Қырғыз – қайсақ ордалары мен далалары туралы жазбалар атты біршама құнды бірақ кейде ортадан төмен деңгейде жазылған еңбектерді есептемегенде, тіпті маңызды этнографиялық және ағартушылық мақалаларды оқымадық [5, 255 б.].

Ш. Уәлиханов өз халқының этникалық қабілеттерін жоғары бағалайды: Сонымен қатар қазақ мәдениеттаушысы европацентризмге қатысты әділ баға береді: «Европада әлі күнге дейін көшпенді тайпалар қатігез тобыр және тәртіпсіз жабайылар деген қате түсінік басым. Көшпенді моңғолдар мен қырғыздар туралы түсінік дөрекі және мал сияқты варвар деген идеямен тығыз байланысты. Алайда осы варварлардың көп бөлігінің өз әдебиеті мен жазбаша және ауызша ертегі аңыздары бар. Алғашқылардың қатарына моңғолдар мен жоңғарлар, екіншілеріне моңғол түркі тектес көшпенді тайпалар жатады. Қыр қазағы өзінің ар – ұяты мен ақыл ой қабілеті жағынан отырықшы татар мен түріктен әлдеқайда жоғары. Поэзияға икемділігі, әсіресе суырып салып жанынан жыр шығару барлық көшпенділердің ерекшелігі... Бейқам көшпенді өмірдің ықпалы ма, жоқ табиғатқа жақын, жұлдызды ашық аспан мен

кең байтақ даламен етене болу көшпенділердің ақынжандық және қағілездігінің себебі ме, бізге біліп керегі жоқ, бұл сұрақтың шешуін табиғатты бақылайтын, солар оның адамға ықпалын және сол ықпалдың жемісін зерделейтін ғалымдарға қалдырайық. Біз тек деректер мен мәліметтерді ұсынамыз» [5, 257-258 бб.].

Біз Шоқан сияқты дала мәдениетінің идеализациясынан алшақпыз. Қоғамдық өмірдің тоқырауы, қалалық мәдениет орталықтарының болмауы, туысаралық кикілжің, қулық, басшылардың мәдениетсіздігі Ш. Уәлихановтың назарынан тыс қалмады. Абай сияқты Ш. Уәлихановта орталық – Азия қоғамының жарамсыз қылықтарын батыл ашып көрсетеді. Әсіресе, бұл Шығыс Түркістанға қатысты күйінішпен былай деп айтады: «Орта Азия кәзіргі қоғамдық құрылысы бойынша өте аянышты, дамудың палологиялық дағдарысы іспетті. Асырып айтты деменіз, барлық ел қараусыз қалған, бүлініп шашылған су құбырларына, каналдар мен құдықтарға толы бір үлкен шөл, құм басқан, тікенек сексеуілдің ұсқынсыз бұталары өсіп кеткен және жабайы есек пен үркек сайғақтар ғана жайлаған дала. Осы жазираларда, көп қақпалы қалалардың орнына аянышты саз – тамдар тұр, онда ислам ықпалынан әбден бұзылған әрі бір жағынан жергілікті билеушілердің діни және монархиялық қатігездігімен, екінші жағынан қытайлықтардың әскери билігінен әбден қажыған жабайы қараңғы тайпа тұрады» [6, 341 б.].

Қазақ ойшылы Ресейге деген өзінің көзқарасына адал болды. Ш. Уәлиханов бұратаналарды қанау басқа көрші мемлекеттерге қарағанда Ресейде күштірек екенін және «царизмнің орыстарға өзге халықтарды қанауына үйреткенін» мойындады. Орыс революциялық демократиясының ізімен ол Ресейге «славияндық лас нәрселер мен мерзост» түпнегізі болған самодержавияның ликвидация жолынан жаңаруды тідеді. Бұл туралы Ш. Уәлихановтың досы Н. Потанин оның айтқандарын әдемілеп жазады: «Бір күні мамырда болған шеруде өзінің жанында тұрған бір князьді сұр қафтандағы адам қағып кетеді де, осы халықты неге тазаламайды екен дейді. Шоқан тез арада одан: «Ал сіз Разиннің халықты қалай тазалағанын оқыдыңызба?», – деп сұрайды» [7, 361 б.].

Шоқанның мәдени еуроцентризмнің негізгі принциптерін сынауы қазақстандық мәдени тануда әрі қарай дами түсті, бұл қазіргі таңдағы

әлемдік мәдениеттің негізгі басымдылығының аясындағы құбылыс. Дәстүрлі ұлттық мәдениеттануда «көшпелі мәдениет әлемін қалпына келтіру» міндетін қойып, «қазақтың тұрмысының автохтонды үлгісін» құрастырып көруге болады, бірақ қазіргі кездегі жағдайда осы талпыныстардың барлығының аяғы сұққұрымға кетуде. Біздің көзқарасымыз бойынша, қазақстандық мәдениеттанушылардың перспективті бағыттары әлемдік өркениет контекстінде қазақтардың этномәдениетінің өзгеруімен байланысты. Әлемдік мәдениеттің тенденциясы да осындай. «Шығыс та, Батыс та жоқ. Әкенің екі ұлы бар» – деп айтады қазақстандық ақын О. Сүлейменов.

Бұл мәселелерді Ш. Уәлихановтың «ізімен» жалғастырған қазақстандық мәдениеттанушылардың және философтардың негізгі ойларына тоқталайық. Қазақстандық философ А.Н.Нысанбаев былай деп жазады: «Мәдениеттің басыңқы түрінің түрленуі жоспарлы түрде реттелетін әлеуметтіктің механикалық үрдісі емес, бұл ұлттық менталитет қалыптасатын құнардан әрбір ұрпақтан берілетін органикалық түрлену болып табылады. Бұл жағдайда мәдени танымның сараптамасы қазіргі кездегі ұлттық мәдениет түрленуінің ықтималды бағытын көрсетіп беруге ғана және тарихи болжамдалатын мерзімге түрлі рухани архетиптерді жүзеге асырудың ықтималды болжамын беруге ғана қабілетті» [8,220б].

Жинақталған формада қазақстандық философтар мен мәдениеттанушылардың мәдениеттің шығыс және батыстық типтері мәселесін сараптау аясында тұжырымдалған маңызды идеяларды ағай кетейік:

- Жалпы планеталық өркениеттің белгілі бір элементтерінің қалыптасуы аккумуляция принциптерінен және «Батыстың өркениеттендіруші миссиясынан» мәдениетті интеграциялау диалогына өтуін білдіреді (Н.М.Құрманбаева) [9];

- Шығыс пен Батыс географиялық та, өркениетті түсініктер де болып табылмайды, олар дүниетанымдық көзқарас пен әлемге деген қарым-қатынасының беліглі бір түрі ретінде көрінеді; Батыстың белсенділігі сыртқа қарай, техникалық және рационалдық өркениет құруға бағытталған; шығыстың белсенділігі интровертті сипатта, ол рухани мәдениетті жаңғыртуға бағытталған (А.А. Хамидов) [10];

- Шығыс пен Батыс мәдени құндылық-

тарының мәні мен маңызы бірдей екенін мәдени релятивизмнің әдістері жорамалдайды. Олардың бағалары теңсіз: «жаманырақ – жақсырақ», «төмен – жоғары», «артта қалған– дамыған». Шығыс үшін Батыс жоқ, тек ол Батыстан өркениеттің сапалы жағымен көрінеді. Шығыс өзіне деген сыйластық шарттары сияқты басқаларды дәл осылай сыйластықтан және мойындаудан шыққан. (Б.Г. Нуржанов) [11];

- Абайдың қазақ мәдениетінің классикалық шығармаларымен қоректенгенін үш түпнегізін көрсетуге болады: ауыз-әдеби халық шығармалары, Шығыс поэзиясы, европалық және орыс әдебиеттері. Дегенмен қазақ мәдениетінде ежелгітүркілік өркениеттің ескерткіштері де бар. Қазақ мәдениетінде Шығыстың да, батыстың да элементтері бар. Мысалы, Қорқыт және Асан Қайғы өмір сүрген уақыттарында өмір мен өлім туралы философиялық көзқарастар болған. Батыс Европада бұл бағыт экзистенциализм деген атты иеленген. Қазақтарда ежелден өлім мен өмір туралы ойлану әдет-ғұрпы бар екені, жердегі тіршіліктің орнықсыз, өлімнен құтыла алмаушылық сияқты философиялық ойлары бар. (Г. Есім) [12].

Шығыс пен Батыстың мәселесі және оған қазақ мәдениетінің қарым-қатынасының әмбебап сипаты бар және қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиды. Сонымен, психология ұлттық өзіндік сананы, менталитетті және ұлттық идеяны тікелей зерттейді. Қазіргі әлемнің даму тәжірибесі, ұлттық идея негізінде, батыстық постиндустриалды қоғамның жетістігімен үйлесе отырып құрылған қоғам дамуының жетістігі бар екендігін көрсетеді (Жапония, Түркия, Оңтүстік Корея және т.б.). Қиындықтар осы компоненттер үзілген кезде пайда болады. Сондықтан, қазақ этносын жасанды түрде «мәмбеттер» мен «мәңгірттерге» бөлудің республика болашағының маңызын теріс жаққа бұрып жібереді.

Ш. Уәлихановтың тікелей қатысы бар шығармашылық атмосферасына көз жүгіртейік. Қазақ мәдениетінің идентификациясының әртүрлі аспектілерін Ш. Уәлихановтың келесі мәдениеттанулық концепциясындағы келесі ой желісінен қарастыруға болады:

- 1) Орталық Азия тайпалық және халықтық конгломераттарды қоныстандыру ареалы емес, онда өзіндік ерекшеліктері және рухани мәдениеті жеткілікті дамыған түрік-моңғол этностары мекендейді.

2) Орталық Азия автохтоны болып түркі халықтары болып табылады.

3) Түркі халықтары орта ғасырларда Евразияның жалпы өркениеттік арнасында бәрінен биік тұру позициясын ұстанды.

4) Орта Азияның басқа халықтары сияқты қазақтарда мәдени прогреске және ағарту ісіне қабілетті.

Соңғы тезисті аңғырақ қарастырсақ. Осындай негізгі жорамалды Ш. Уәлиханов қазақтардың ауызша халық шығармасын және тіл мәдениетінің жоғары деңгейінің дамуынан көрсетеді. Ш. Уәлихановтың өзінің айтқандарынан үзінді келтіре кетейік: «Барлық татар халықтарының ішінде ақындық қабілеті жағынан қазақтар алдыңғы орында дерлік. Олар туралы құрметті шығыстанушымыз Сенковскийдің араптар жайлы айтқан пікірін қайталауға болады: бедуин табиғатынан өлең құрастырушы және көбіне ақын» [5, 258 б.].

Шоқан Уәлиханов қазақтардың тілінің иілгіштігін, қызулығын, гиперболалығын айтып көрсетіп, олардың үлкен болашағын болжайды. Еуропалық және әлемдік өркениет жетістігіне қосылуына олардың табиғи қасиеттерін, ақылдылығын жатқызуға болады. Шоқан былай деп жазады: «...Біз еуропалық, жалпы адамзаттық білімді меңгеру және осы мұратқа жетудегі кедергілермен қажырлы күрес – мәдениетке бет алған, сондай – ақ дамуға қабілетті кез – келген халық үшін ақырғы мақсат болуы тиіс деп ойлаймыз» [13, 86 б.].

Ш. Уәлиханов батыс мәдениетінен хабардар ағартушы ретінде қазақ мәдениетінің Ресейдің алдыңғы қатарлы құндылықтарын игерумен байланыстырады. Шоқанның көзқарасы бойынша, бұқара халықтың прогресі байқалған, сонымен қоймай олар үлкен қадам жасап, ал кейбіреулері оларға қарсы шыққан. Сол уақытта білінер – білінбес, бірақ жаңалық пен ескілік арасында күшті соғыс: мұсылмандық, орыс пен шығысқа еліктеушілік болып жатқанын жазады.

Мәдениеттің қазіргі парадигмасы тұрғысынан «Отырықшы-көшпенді» немесе «қала-дала» көзқарасты сараптап көрейік. «Отырықшы-көшпенді» немесе «қала-дала» оппозицияның кең ауқымды жоспарында отаршылықтан кейінгі сана үшін тән сипат болып табылады. Тарихтан білетіміздей, Еуропаның христиандық мемлекеттеріне тек қана еуразиялық және афроазиялық көшпенділер немесе сол жақтан шыққандар тарапынан (Аттила, Шыңғыс хан,

арабтар, осман-түріктер) ғана қауіп-қатер төнгеніне Ш. Уәлиханов назар аударады [14, 301-304 бб.]. Атты-әскери өркениет көптеген ғасырлар бойына отырықшы мәдениетке (еуропалықтарға, қытайларға, үнділерге және т.б.) шынымен де қауіп-қатер төндірген. Алайда, орта ғасырдың соңынан бастап бұл өркениет дағдарысқа тіреліп, ақыр соңында, өзінің бұрынғы қарсыластарына тәуелділікке ұшырайды. Сондықтан, отаршылықтан кейінгі мәдениетті белгілі бір тұрғыдан бұрынғы ерліке толы өткенді жаңғыртудың (рухани жағынан болса да) талпынысы деп сипаттауға болады. Бұл үшін «Батыстың Шығысқа қатысты өркениетті рөлі» сияқты теориялық түрлі нұсқауларды дұрыстап талдап алған жөн.

Көріп отырғанымыздай, көшпелі мәдениеттің рөлі мен маңызын мәдениеттану тұрғысынан зерттеу дүние танымдық әр түрлі нұсқаулардың карама-қайшылықтар аясында өтіп жатыр. Көшпенді мәдениеттің спецификасын түсінбеу белгілі бір дәрежеде батыс зерттеушілерінің өмір салты мен ойлаудың қалыптасқан дағдысына да байланысты болып отыр. Мысал ретінде былайша атағандағы постмодернистік номадологияны алайық. Номадологияның негізгі ережелері батыс еуропада 70-80-ші жылдары жарық көрген, Ж. Делез бен Ф. Гваттаридің «Капитализм мен шизофрения» және «Номадология туралы трактат» еңбектерінде жазылған. Қазақстан философия мен мәдениеттану әдебиетінде оның негізгі ережелері Ж. Баймұхаметовтың «Қазіргі батыс философиясындағы зияткерлік номадизм» мақаласында қарастырылған.

Марксистік идеологиясы үстемдік құрып тұрғанда өркениетті феномендердің мәселесін постмодернистік трактовкада зерттелуі шынымен де қызығушылық тудырды. Расында, постструктуралистік номадизмды жақтаушылар, француз философы Мишель Фуко сияқты қиындықты «тіршілік етудің эстетикасына» ауыстырады. Платондық-гегелдік әмбебаптық идеясынан бас тартып, олар «децентрализацияланған субъектілікке» көңіл қояды.

Ж. Баймұхаметов көшпенділікті көшпенді мәдениетті зерттеудің басшылыққа алатын принципі түрінде қарастырады: «...Идеализм мен романтизмге толы, үйреншікті болып кеткен, қандай да болсын клишені кері тойтару керек, ортодоксалды постулаттарды сынауды қойып, көшпенді қоғам сияқты қандай да бір қоғамдық механизмнің түзілуі сияқты біздің

мәдениетіміздің тарихи формасын, көшпенді психологиялық және танымдық мағынада кім болғанын талдауға салмақты көзқараспен келу керек, бұл өзіміздің онтологиямызды ұғынуға да мүмкіндік берер еді, яғни, неліктен біз осындай болдық, тура мағынасында біз қандаймыз, бізді ең көп дәрежеде не айқындады, мәдениетіміз бүгіндері басынан кешіп отырған және болашақта басымыздан өткізетін өзгерістердің спецификалық шарттары қандай деген сұраққа жауап алар едік» [15, 119-120 бб.].

Философтың бұлай айтқан пікіріне пәндік тұрғыдан да келісуге болады. Қазақстандық мәдениеттің теориясы мен тарихы біздің ата-бабаларымыздың мәдени әрекетінің жәй ғана номенклатурасына айналмауы тиіс (әл-Фараби, Ш.Уәлиханов, Абай және т.б.), және әлемдік өркениеттің жетістіктерін ұлттық негізге айналдырудың қажеті жоқ. Мәдениеттану ұлттық сана-сезімнің тұрмыстық мәселелерімен айналысуы қажет. Бірақ, жоғарыда аталған номадология көшпенді мәдениеттің идентификациясында бағдар-шам бола ала ма. Мысал ретінде оның негізгі түсініктерін қарастырайық. «Субъектіліктің бұндай түсінігінің протагонисі – «бұрынғы экзистенциалды аумақтардың күйреуіне әкеп соғатын, қандай да бір қозғалыстағы, децентрацияланған ағын» түріндегі көшпендінің бейнесі болып табылады» [16, 118-119 бб.].

Көшпендінің тұлғасы жоқ, былайша атағандағы ризоматтық көптіктің дербестіктен тысқары кеңістігі. Ризоматтық нысан – бұл өзегі жоқ, ені бойынша жайыла беретін, қандай да бір тармақты құрылым. Көшпенділер өз ұйымының тұйықтығының арқасында, өзінікі болмайтынның бәрін кері тебеді – тура Ф.Ратцелдің айтқанындай. Салыстыру үшін, көшпенділердің мәдениетін түсінуде ешкімге ұқсамайтын көзқарасы бар, басқа зерттеушінің еңбектерін қарастырайық. Бұл жерде мәскеулік мәдениеттанушы Г.Гачевтің еңбектерін айтып кетсек болады.

«Көшпенді логос: өмір-тарихи уақыттан тысқары. Көшпендінің логосында құпиялықтың құны жоғары, ... бұл жерде ақыл-ой да, білім де емес, қулық пен арамзальық бағаланады. Көшпендінің логосында содан басқа, адамды жануармен теңестіру бар. Бұл жерде демократия – жылқы малымен, түйемен теңдік және бауырмалдық, соларды құрмет тұту және соларға бейімделу, бұл Адамның мінез-құлқына

ерекше сипат береді... Ресей үшін бұл егін екен шаруа болу. Ал, көшпендінің жермен тығыз байланысы жоқ: ол өзінің жейтін асына мініп жүр. Көшпенділікте тура сызықтар, жолдар жоқ, бұрмалаң-шырғалаңдық, қулық, біреуді алдасоғу оңбағандық деп саналмайды, бұл өмірдің даналығы. Көшпенділік логоста барлығы дәстүрге салынған, дастархан басында, айтыстарда әңгіме-дүкен құру-әрбір ұсақ-түйегіне дейін ойластырылған, қатып қалған қағидаға ұласқан деуге болады. Бұнда сәулет өнері, құрылыс деген атымен болған жоқ. Энергияны жерсіну болмаған- «өзімдікін өзіммен алып жүрем», – міне көшпенді халықтың принципі осындай, барлығы-өзіме, -рухыма. Қазақтарда сөз басқа халықтардың ғибадатханасына теңеседі, бұл жерде ауызша- рухани энергияны тұтынады, жазатындар кімдер?- уақыттың жауы – яғни, ол өледі, ал жазылған дүниесі қалады, ол өзін өлімнің құрығынан құтылмайтынын сезеді. Көшпенділік логоста қатты кеткен қатандық пен қайтымсыздық деген жоқ, сондықтан сызықтық уақыт та болмайды – прогрес те жоқ: айнала жүріп, сол баяғы жәйлауына қайтып келеді. Ал, сызықтық прогресс немен білінеді? Бір қабаттың екіншісіне ұлғаюы, ал бұнда – киіз үйді жығып, ру кетіп қалады да қайтып келеді, көшпенді қазақтар тарихта емес, тұрмысты өмір сүреді» [17].

Көшпенділер туралы сонымен қоса, бұл тақырып қазақстандық философия мен мәдениеттанулық әдебиеттерде кеңінен айтылды.

Біріншіден, әлеуметтік мәдени мағынада, жаңа мыңжылдықтың басындағы Қазақстанның жағдайында көшпелі өркениетті зерттеудің көп қырлы мәні бар. Көшпенді мәдениетті идентификациялаудың маңызы тарихи-танымдық қызығушылықтан ғана туындап отырған жоқ (бұл да бар екенін айтайық), алайда, қазақ мәдениетінің өзіндік танымының мәселелерімен де байланысты.

Белгілі болғандай, қазақтар ХХ ғасыр басына дейін көбіне номадтық өмір үлгісін ұстанған. (жазулар бойынша 1889 ж.-89%) Көшпелілік қазақтарда идеал болып, ал отырықшылық әлеуметтік қоғамның төменгі топтарының тағдыры болып саналды, ол туралы қазақтардың мақал-мәтелдерінде кездеседі («шаруа байыса, көшеді», «елде қалған жатақ»). Біз қазақтың дәстүрлі мәдениетін оқи отырып, сонымен қатар номадтық өркениеттің ерекшеліктерін біле аламыз.

Көшпенді өркениеттің ерекшеліктерінің

теориялық сараптамасы отандық мәдениеттанудың маңызды міндеті болып танылады. Мәселен, Ж.Баймухаметовтың «Егер біз келесі жәйттерді назарда ұстамасак: біріншіден, формалданған және метриялық трансцедентті субъектінің сұлбасы қозғалмалы және диффузды көптікке алмастырылатын, батыстық ойдың философиялық парадигмасының радикалды ауысуын; екіншіден; парадигманың осы ауысуынан, ұлттың рухы, әлеуметтік әділдік, ағартушылық идеалдары сияқты идеологемдармен әрекет ететін, тек қана метанарративті қасиеттегі пікір білдірудегі өзінің негіздемесін алатын, дискурстың осындай түрінен бас тартудың қажеттілігін... (айталық, қазақстандық ұлттық идеяны зерттеуді батыстық постмодернистерге беру – Г.В.), үшіншіден, философиялық постмодернизм өкілдері талпыныс жасаған, пәтикалық ойлауды легитимизациялаудың талпынысы, өйткені мәдени және әлеуметтік аясындағы ол, қозғалмалы және көп қырлы бола тұрып, бөгдені, Өзгені қабылдаудың трансгрессивті тәжірибесіне ұдайы ұмталып отыратынын» ескермесек, біздің мәдениетіміздің архэсіне (бастау көзіне) шығуға деген құлшынысымыз түрлі қиындықтарға кездесіп отырады, деп жазғанында емес» [15, 122-123 бб.].

Типологиялық ерекшеліктер, менталитет пен дәстүрлі қазақ мәдениетінің заңдылықтарын біз алдыңғы тарауларда, Ш.Уәлихановтың идеялары аясында қарастырдық, ал біздің батыстық номадологиялық концепциялармен диалогымызды мажорлы нотада аяқтағымыз келеді, яғни, көшпенді өркениеттің әлемдік мәдениет тарихындағы жетістіктерінің каталогын беріп көрейік:

1) Адагершіліктің номадтық тұлғасы кеңістікті бірінші рет жеңді (К. Ясперс);

2) Евразияның номадтық мемлекеттері Шығыс пен Батыстың арасындағы зонаны қосатын ролді ойнайды.

3) Номадтар тарих катализаторларының ролін ойнайды. (көшпелілердің миграциясының қортындысындағы өркениеттің пайда болуы – А. Вебер);

4) Номадтардың өнертабыстарының ішіне және олармен туыстас отырықшы өркениеттермен әрекеттестігінің негізінде шалбар, арба, шаңырақ және т.б. шығарылады (Л. Гумилев);

5) Көшпелілердің ерекше дүниеқозқарастық жүйесі – тәңіршілдік адамдық қарым-қатынасты

басқаруының күрделі әлеуметтік-мәдени әдіске ие, яғни тұлғааралық ынтымақтастық пен қызметтестігіне үндеседі.

Заманауи әдебиеттерде көшпелі мәдениеттің мәселелерін қарастырғаннан кейін, оларды Ш. Уәлихановтың позициясымен салыстырамыз. Бұл көп нәрсені білдіреді, яғни Шоқанның өзі көшпелілердің ұрпағы және ол солай болып қалады. Шоқан қалай номадизмді білмеске? Бұл туралы өзінің еңбектерінде де жазылған. Қиын жағдайларында Шоқан көбіне көшпелілердің әлеміне оралады. Бұндай жағдай генерал Черняевпен болған саяхатынан кейінде қайталанды. Ядринцев былай деп жазады: «Бұл дарынды туманың өзге өмірді, өркениетті көріп, білім алып, ақыры осының бәрінен безініп келген тағдырының бір көрінісі. Бұл безінуде өзге елдің мәдениетіне сенбеу, қауіптену, өзін-өзі сақтап қалуға деген ниет жатыр.

Ш. Уәлихановтың «Көшпелілер туралы» еңбегімен А. Тойнбидің «Тарихты түсіну» деген еңбегінің «Көшпелілер» деп аталатын бөлімін салыстыру қызықты, арасында ұқсас жайттар бар. Біріншіден, екеуіде номадизмді даланы игеру әдісі ретінде яғни, адамзаттардың мекендеу ортасын кеңейту мақсатында қарастырады. Екіншіден, екі ойшылдың да көшпелілердің рухани дүниелеріне деген құрметін көруге болады. Үшіншіден, екі зерттеушілерде көшпелілердің тәуелділігі табиғаттың апаттарына байланысты қарайды. Ш. Уәлиханов көшпенділікті өзіне жеткілікті мәдени-шаруашылық тип деп есептейді: «...Қазіргіге қарағанда ескі уақытта, ойранды соғыстар мен күнделікті барымта заманында қырғыздар байырақ болды және жаппай құлдырау сирек орын алды. Халық жадында өткен жүзжылдық оқиғаларынан тек екі аштық жылының естеліктері сақталыпты, бірақ бұл жылдары апатымыздың себебі жұт, көктайғақтан бұрын, өрт пен семсер қырғыздардың қос дұшпаны – қалмақтар болды. Сібір қырғыздарының сыртқы приказдарының іргесі қаланғанға дейін бай болғаны – бұл еш күмән тудырмайтын шындық: тек өткен ғасырдың соңы мен бүгінгі жүзжылдықтың басында Орынбор мен Сібір бойына айдалатын мал санына және жиырмасыншы және отызыншы жылдардағы ресми есепке ғана көз жүгіртсең болды. Осы соңғы дәуірде он мыңдаған жылқы табыны бар қырғыздар аз болған жоқ» [18, 115 б.].

Ш.Уәлиханов көрсеткендей, классикалық номадизмнің ырың-жырың болуының себептері

табиғи апаттарда жатқан жоқ, ол ру аралық келіспеушілік пен барымтада жатыр. Егер XIX ғасырдағы қазақ даласындағы көшпенділіктің жалпы тығырыққа тірелгенін алып қарасақ, онда ойшыл патшалықтың отаршылдық саясатының әсерінен көшпенділіктің табиғи циклының бұзылғанына назар аударады. Бұл жерде Ш. Уәлиханов «зар-заман» ағымының өкілдерімен пікірлес екенін көреміз, олар қазақтардың өзінің құнарлы жерлерін, табиғи аймақтарынан айырылуын атап көрсетеді. Көшпенділердің символы ризоме емес, тіршілік ететін жерінде тамырын жайып, өсіп-өну. Көшпенді өз өмірін мал шаруашылығының талаптарына бейімделе отырып, құрды. Кейінірек, көшпенділер уақыт талаптарына дұрыс жауап бере алмады, өздерінің орта ғасырдағы балалары тәрізді. Қазақтардың ата-бабаларында басылмаған қысық пен жайлаулар болмаған. Шөбі таусылған жағдайда көшпенділер басқа жерге қашықтығына қарамастан көшіп-қонып жүрген. (Сарыарқадан Сырдарияға дейінгі жерлерді) «Сондықтан, – деп жазады Ш. Уәлиханов, – кең байтақ көші – қон аймағы мал шаруашылығы үшін маңызды әрі басты жағдай болып есептелуі тиіс. Тұтас бір қаланы тамақтандыру үшін жеткілікті болатын жер бір қырғыз ауылын қамтамасыз ете алмайды, өйткені әрбір ауыл қыстық жайылымы бар ерекше қыстық, көктемгі, күзгі және жазғы қоныстар үшін ыңғайлы жайылымдары бар жерге ие болу керек. Қыстау үшін қыстау үшін қолайсыз ауа – райынан малды сақтай алатын қалың ормандар мен орманды таулар қажет етіледі. Жазғы қоныс үшін, керісінше, – ашық, кең жазира далалы, ағыл – тегіл сулы немесе көлі бар отардың мазасын алатын жәндіктердің ұрықтарын жою үшін өртеледі, осы аралықта қыстық жерлер жаз бойы аяқ басылмаған қалпында қалады. Осылайша, қырғыздар, шамалауымша, ұлан байтақ жерді ала отырып, негізінде, қазіргі сәтте тек болмашы бөлігін ғана пайдалануда және сондықтан үнемі жерді керек етеді» [18, 11 б.].

Номадтық мәдениет табиғи жағынан емес, оларға ішкі күштердің араласуымен қирады. Әрине тарихи жағдай солай болды. Кейінірек, көшпенділер уақыт талаптарына дұрыс жауап бере алмады, өздерінің орта ғасырдағы бабалары тәрізді. Тауарлы мал шаруашылығының туындауы экстенсивті мал шаруашылығын тиімсіз етті.

Ш. Уәлиханов көшпелілер мәдениет контекстінде қазақ халқының ментальдық

ерекшеліктерін қарастырады. Сонымен қатар барлық халықтардың өзіндік идентификациясының және сәлемдесуінің әртүрлі формаларын салыстырады. Бәрінен бұрын, Ш. Уәлиханов далалықтардың мінез-ғұрпының жабайылығының жалғандығын әшкерелейді. Ол былай деп жазады: «Бұл не қырғыз – қайсақтық қылық! Мұндай көргенсіздік қайдағы бір қырғыз – қайсақтарға ғана кешірімді» т.с.с. түрдегі сөздерді естіп оқуға өте жиі туралы келіп жатады. Тамаша, осы тәрізді біз үшін қынжыларлық жағдайларда біздің халық әрқашан қырғыз – қайсақ аталады да, ал бізді мақтаған кезде жай қырғыз немесе жай қайсақ дейді. Осыдан – ақ біздің ерекше жабайылығымыз бен тұрпайылығымыз туралы пікірдің тек қырғыз – қайсақ сөзінің вокалдық варваризіміне негізделгенін ойлау керек. Шынын айтқанда, қырғыз халқы мейлінше ымырашылдар санатына, демек, орыс патшалығының онша жабайы емес бұратаналары қатарына жатады» [13, 81 б.].

Қазақтар мен орыстардың ұлттық мінез-құлқын терең зерттеудің нәтижесінде, қазақ эпостарының шығыс поэзиясынан гөрі, үндігермандық эпостарға жақындығы көрсетіледі, және сайып келгенде, «батылдық татарлар» арқылы орыстар мен қазақтардың тарихи тұрғыдағы қандас бауырластығынан Ш. Уәлиханов осы халықтардың мәдени бірлігі туралы тұжырымдар келтіреді: «Азаматтық дамуға күмәнсіз үміт артқан миллиондаған адамдардың тағдыры, өздерін отаны жағынан орыс бауырларымыз деп есептеп, еркімен орыс бодандығына түскен адамдар, сірә, болу болмау түрінде шекспирше рәсімделген осындай батыл мәселеде үлкен ықылас пен зор қайырымдылық көруге лайықты.... Өзін қорғаудың қисының таба алмаушылық және дамымау себебіне сәйкес орын алған бойкүйездіктің кез – келген түрі үкіметтің бізге қатынасында мейлінше қырағы, мейлінше абай болуын міндеттейді.» [13, 88 б.].

Ш. Уәлиханов қазақтардың ұлттық ерекшелігін жаза отырып, оларды мынадай белгілерін көрсетеді. 1) Ашықтылығын. 2) Кірме мәдениеттерге тез қабілеттілігішін 3) Айқын момындық. 4) Ата – бабаларды (аруақтарды) сыйлау.

«Біздің байқағанымыздай, – деп жазады Ш. Уәлиханов, әр халықтың амандасу дәстүрі сол халықтың ұлттық сипатын айқындап тұрғандай. Жалқау енжар түрік амандасқанда: Сіз кайфіңіз десізбе? – деп сұрайды. Түрік өздерінің

жалқаулығымен аты шыққан халық. Бүкіл Азияға жайдарлы мінезімен, сөзге шешендігімен танымал парсылар астарлап, хош иісте әлеміңіздің жағдайы қалай? - деп сұрайды. Өмір сүру үшін ғана ішіп – жеу үшін ғана өмір сүруге жаралған Орталық Гүлстандағы немесе Ішкі Қытайдағы халықтың сәлемдесуі адам таңырқаларлықтай ерекше. Аспан асты патшалығын қысық көзді баласы сізбен кездескенде, күндіз болсын, түнде болсын бәрібір: «Чели фани маю?», яғни «Қарныңыз тоқ па?» - деп сұрайды. Қазақтардың сәлемдесуі де ерекше: «мал – жаның аманба?» - деп сұрайды» [19, 34 б.].

Ш. Уәлихановтың өзі «еуразиялық мәдениет» терминін қолданбаса да, оның пікір түзуі, қазақтардың этномәдениеті туралы аргументтер мен тұжырымы келесідей қорытынды жасуға мүмкіндік береді: қазақ ойшылы өзінің этномәдениетінің еуразиялық сипатына баса назар аударады. «Қыркыншы жылдары бұрынғы шекара басқармасындағы Сотников деген чиновникке қазақтардың заң жобаларын, сот ғұрыптарын жинастыру тапсырылды. Бұл шенеунік өзінің жылнамасын тым әріден бастамақ ойда болса керек, қазақтың ру басыларын алдын ала бұйрыққа жинап, қазақ халқы қайдан шықты, олар қалай қалыптасты, қазақ деген сөз қайдан шықты? Бізден неге соншама қазбалап сұрайды, ата-тегімізді білгеннен орыс үкіметіне келер пайда не деп ойлады қазақтар. Бір білімпаз қазақ, сірә, біздерді казак (казак-орыс) қауымына айналдыратын шығар, өйткені шежіре бойынша олардың тегі қазақ болған ғой деп, жорамалдады. Бірақ олар Сотников мырзадан «Қазақ және Үш жүз» туралы аңызды жасырып, өздерінің тегін Арабстаннан немесе Түркиядан тараған болып көрсетті.» [13, 90 б.].

Ш. Уәлихановтың досы Г. Потанин қазақ мәдениетіндегі еуразиялық мотивтері жөнінде қызықты мәліметтер келтіреді. Бұл жерде ол европаланған және білімді қазақтарды анатолитік түріктерімен салыстыра қарайды: «Біздің арбаларымыз өзеннен өтіп, алаңқайға шыққан кезде, киіз үйден жасы қырықтар шамасындағы көрікті, тұлғалы келген, көзқарасы салғырттау, тәп – тәуір киінген ер адам шықты: бұл Көкіш еді. Ол жартылай европаша киінген, оның үстінде жаздық ақ жейде, пиджак және тар шалбар бар; тек қызыл тақия ғана оның бойына мұсылмандық сипат беріп тұр. Мұндай аралас киім Севастопольдегі немесе Қырымдағы Федосийдегі анатолишілік наубайшы түрікті еске салады.» [20, 311 б.].

Біздің уақытта еуразиялық мәдениет мәселелері Қазақстан Республикасында өте бір актуальды мәселелердің бірі, бұл идея халықаралық келісімді бекітетін факторлардың бірі болып табылады. Ш. Уәлихановтың көзқарастары мен идеяларын жалғастыра отырып, оның өзіде сол мәдениеттің өкілі болды, қазақстандағы еуразиялық мәдениетке мәдениеттанулық тұрғыдан тоқталып өтсек.

Шығыс-Батыс әрекеттестігі контекстінде қазақ мәдениетінің идентификациялық мәселелері мен қазақ мәдениетінің еуразиялық мотивтері туралы сұрақтар қозғалды. Ескере кететін жайт, Қазақстанда бұл мәселелер жөнінде бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалып, бірнеше ғылыми-теоретикалық конференциялар өткізілді, яғни бұл тақырып қазақстандық мәдениеттанушылардың зерттеу пәні болып табылады.

1994 жылы Н.Ә.Назарбаев «Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру туралы» жобасын ұсынды, онда ЕО-ТМД мирасқоры ретінде саналып, оны құрудың мақсаты осы мемлекеттердің кеңестік дәуірден кейінгі әлеуметтік-экономикалық жетілдірілуін қамтамасыз ету болып табылады [21]. Білетініміздей, бұл жобаны ТМД елдерінің көпшілігі қолдай қоймады. Қазақстанның Президенті олардың реакциясын былайша түсіндіреді: «ТМД елдері басшыларының еуразиялық Одақ құруға деген сақтықпен қарауы, көбінесе, сенімсіздігімен түсіндіріледі. Басқа бір интегарциялық құрылымға-еуразиялық Одақтың тәжірибесіне мұқият қарауымыз керек деп ойлаймын. Бәріміз білеміз, оның көшбасшылары Германия мен Франция екенін, бірақ бұл басқа елдердің жағдайына еш әсерін тигізіп тұрған жоқ. Осы мемлекет аралық құрылымның шеңберінде алып мемлекеттер де, шағын мемлекеттер де тату-тәтті тұрып жатыр, бірлескен істерді басқаруда олардың мүмкіндіктері мен құқықтары да теңдей берілген. Біздің арманымыз мынандай. Еуразиялық Одақ аясында толықтай тең құқықтылықты, бір-бірімізге деген жақсы қарым-қатынасты орнату, өзара гүлдену мен игліктерге жетудегі мүдделілік, ішкі істерге араласпаушылық, ынтымақтастықтың өзара тиімділігі, сыртқы саясатты жүргізудегі өзара мүдделерді жан-жақты ескеру» [22, 6 б.]. Бұл идеяның көптеген тұстары 1994 жылы Алматыда өткен халықаралық «еуразиялық кеңістік: интегарциялық әлует және оның жүзеге асуы»

ғылыми-практикалық конференцияда талқыланды. Осы мәселенің әлеуметтік-саяси контексті осындай.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты Қазақстанның әлеуметтік-мәдени тұрмысына мәдениеттанымдық сараптама жасау болғандықтан, отандық зертеушілер ұсынған ой-пікірлерге назар аударайық. Ең алдымен, зерттеушілер еуразиялық идеяны Қазақстанның тұрақты дамуының бір шарты, ұлт аралық келісімнің факторы деп қарастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, оған республиканың билік құрылымдары ұсынған, тек қана саяси құрал деп қарауға болмайды. Оның негізінде қазақтардың және

Қазақстанның басқа этностарының жалпы мүддесі қаланған. «Қазақстандық еуразиялық идея, -деп көрсетеді А.Н. Нысанбаев, – бұл жалпы ұлттық жинақылықтың, әлеуметтік теңдіктің идеясы, жаңа рухани-адамгершілік кеңістіктің қалыптасу символы және әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің негізіндегі жаңғыруы, бейбітшілік пен игіліктің кепілі ретіндегі қуатты мемлекеттікті құру символы» [23, 135 б.].

Біз Ш. Уәлихановтың қазақ мәдениетінде алатын орны мен мәдениеттанулық көзқарастарын және ерекше тұлға екенін, оның кейбір идеяларының қазақстандық мәдениеттануда жанданып жатқаны туралы қарастырдық.

### Әдебиеттер

- 1 Веселовский Н.И. Жарық жұлдыз // Ш.Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы, 1984 ж. – 375 б.
- 2 Марғұлан Ә. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі. // Ш. Ш. Уәлиханов. // Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.1. – 375 б.
- 3 Потанин Г.Н. Шығыстың алғашқы сәулелері [Шоқан Уәлиханов және Д Банзаров] // Ш. Ш. Уәлиханов. \ Көп томдық шығармалар жинағы\ . – 1985. – Т.5. – 527 б.
- 4 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: ҚазМУ, 1998. – 202 б.
- 5 Уәлиханов Ш.Ш. [Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы жазбалар] // Көп томдық шығармалар жинағы . – Т.1. – 375 б
- 6 Уәлиханов Ш.Ш. Жоңғария очерктері // Көптомдық шығармалар жинағы. – Т.3. – 423 б.
- 7 Потанин Г.Н. Шоқан Уәлиханов туралы өмірбаяндық мәліметтер // Уәлиханов Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.5. – 527 б.
- 8 Нысанбаев А.Н., Сулейменов Ф. Казахстанцы перед Евразийским соблазном // Международный симпозиум «Восток-Запад: Диалог культур». – Ч. II. Культурология. – Алма-Ата: КазГУ, 1992. – С. 111-111.
- 9 Курманбаева Н.М. Культуры Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы: НАН РК, 1996. – 160 с.
- 10 Хамидов А.А. Категории и культура. – Алматы: Ғылым, 1992. – 238 с.
- 11 Нуржанов Б.Г. Культурология: курс лекций. – Алматы: Кайнар, 1994. – 128 с.
- 12 Есімов Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Білім, 1995. – 192 б.12
- 13 Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы туралы жазбалар // Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы, 1984. – Т. 4. – 495 б.
- 14 Уәлиханов Ш.Ш. Қытай империясындағы Батыс өлкесі туралы // Көп томдық шығармалар жинағы. – 1985. – Т. 2. – 462 б.
- 15 Баймухаметов Ж. Интеллектуальный номадизм в современной западной философии // Культурные контексты Казахстана: история и современность: Материалы международного семинара, посвященного 100-летию М.О. Ауэзова / сост. А. Кодар, З. Кодар. – Алматы: Ниса, 1998. – С. 118-123.
- 16 Нуржанов Б.Г. Город и степь // Евразийское сообщество: Экономика, политика, безопасность. – 1995. – № 3. – С. 999.
- 17 Гачев Г. Логос кочевья // Караван. – 1999. – 6 августа.
- 18 Уәлиханов Ш.Ш. Егіншілік туралы // Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.1. –163 б., 116 б.
- 19 Уәлиханов Ш.Ш. Қырғыздардың қоныстары туралы // Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.4. – 116 б.
- 20 Потанин Г.Н. Соңғы қырғыз ханзадасының үйінде.// Ш. Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.5. – С. 314-335.
- 21 Назарбаев Н.А. О формировании Евразийского Союзного Государства. Проект Азии // Международная газета. – 1994. – № 23.
- 22 Назарбаев Н.А. Создание Евразийского Союза – не плод чьих-то фантазий, а выражение народной воли // Мысль. – 1995. – № 1. – С. 444-444.
- 23 Нысанбаев А. Адам және ашық қоғам.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 272 б.

## References

- 1 N.I. Veselovskiy. Zharyk zhuldez // Sh. Sh. Ualikhanov. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. Almaty: Kazak Kenes entsiklopediyasynyn Bas redaktsiyasy, 1984 zh \ – T.1. – 375 b.
- 2 A. Margulan. Shokan Shyngesuly Ualikhanovtyn omiri men kyzmeti // Sh. Sh. Ualikhanov. // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. T1. – 375b.
- 3 G.N. Potanin. Shygystyn algashky sauleleri [Shokan Ualikhanov zhane D. Banzarov] // Sh. Sh. Ualikhanov. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. – 1985. – T.5. – 527 b.
- 4 T.H. Gabitov. Kazak madenietinin tipologiyasy.- Almaty: KazMU, 1998. – 202 b.
- 5 Sh. Sh. Ualikhanov. [Ontustik Sibir taipalarinin tarihy turali zhazbalar] // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. T1. – 375b.
- 6 Sh. Sh. Ualikhanov. Zhongariya ocherkteri // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy.– T.3. – 423 b
- 7 G.N. Potanin. Shokan Ualikhanov turaly malimetter // Sh. Sh. Ualikhanov. // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. – T.5. – 527 b.
- 8 Nysanbaev A.N., Suleimenov F. Kazakhstancy pered Evraziskim soblaznom // Mezhdunarodnyi simpozium «Vostok-Zapad: Dialog kultur». Ch II. Kulturologiya. – Alma-ata: KazGU, 1992.- S. 111.
- 9 Kurmanbaeva N.M. Kultury Vostoka i Zapada: problem integrachii. – Almaty: NAN RK, 1996. – 160 s.
- 10 Khamidov A.A. Kategorii i kultura. – Almaty: Gylym, 1992. – 238 s.
- 11 Nurzhanov B.G. Kulturologiya: (kurs lektcii). Almaty: Kainar, 1994. – 128 s.
- 12 G. Esimov. Khakim Abai.- Almaty: Bilim, 1995. – 192 s.
- 13 Sh. Sh. Ualikhanov. Sot reformasy turali zhazbalar // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. Almaty: Kazak kenes entsiklopediyasy Bas redaktciyasy, 1984 zh. – T.4. – 495 s.
- 14 Sh. Sh. Ualikhanov. Kytai imperiyasynyndagy Batys olkesi turaky. // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. – 1985. – T.2. – 462 s.
- 15 Baimuhametov Zh. Inllekktualnyi nomadizm v sovremennoi zapadnoi filosofii // Kulturnye konteksty Kazakhstana: istoriya i sovremennost: Materialy mezhdunarodnogo seminar, posvyashchennogo 100-letiyu M.O. Auezova/Sost. A. Kodar, Z. Kodar. – Almaty: Nisa, 1998. – S. 118-123.
- 16 Nurjanov B.G. Gorod i step // Evraziskoe soobshchestvo: Ekonomika, politika, bezopasnost. – 1995. – № 3. – S. 999
- 17 Gachev G. Logos kocheviya // Karavan. – 1999. – 6 avgusta
- 18 Sh. Sh. Ualikhanov. Eginshilik turaly // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. – T.1. – 163 b.
- 19 Sh. Sh. Ualikhanov. Kyrgyzdardyn konistari turaki // Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. – T.4. – 116 b.
- 20 G.N. Potanin. Songi kyrgys khanzasasinin uinde // Sh. Sh. Ualikhanov. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. – T.5. – S. 314-335.
- 21 Nazarbaev N.A. O formirivanii Evraziyskogo Souznigo Gosudarstva. Proekt Azii // Mezhdunarodnaya gazeta. – 1994. – № 23.
- 22 Nazarbaev N.A. Sozdanie Evraziyskogo Souza – ne plod chiich-to fantazii, a vyrazhenie narodnoi voli // Mysl'. – 1995. – № 1. – S. 444.
- 23 Nysanbaev A. Adam zhane kogam.- Almaty: Kazak entsiklopediyasy, 1998. – 272